



ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

Діннің пайда болуы жайлы теориялар:
Құдаймен сұхбат



Дәрістің мақсаты: Иудаизмдегі Бір Құдай идеясының күрделі, біржақты емес қалыптасуы туралы баяндау.

Құдаймен заңды келісімге отыру идеясы қазіргі адамға оғаш көрінуі мүмкін. Сондай-ақ бір Құдай идеясы да ол кезеңде ақылға қонымсыз көрінді. Өйткені ол кезеңдерде әрбір пұтперестік танымда Құдайдың өзіне тән қызметтері мен міндеттемелері болған: біреуі егінге қамқорлық жасаса, екіншісі соғысқа, ал үшіншісі заңға, бірі қолөнер немесе өнерге, Құдай әйелдер де құнарлылыққа, махаббатқа, бала тууға, көбеюге және т.б. жауапты болған. Адамдар да өзіне қажетті мәселер бойынша тиісті Құдайларға жүгінетін еді.

Пұттар. Оның үстіне бір Құдай белгілі бір аймақта ғана әрекет ететін. Махаббат Құдайының әр халықта Афродита, Венера, Иштар, Астарта сияқты әртүрлі есімі болған. Бұл пұт Құдайлары өзінен басқа Құдайларға сыйынған адамдарға да төзімді келетін, яғни Құдайлар адамды бір-бірінен қызғанбайтын, жазғырмайтын деуге болады. Адамдар арасында менің дінім сенікінен артық деп үгіттеу, өз дініне тарту сияқты миссионерлік мақсат ешкімнің ойына кіріп шықпайтын.

Пайғамбардың Құдайы. Ибрахимнің Құдайы айтарлықтай кішіпейіл көрінеді. Ол Ибрахимге Эль-Шаддай атымен аян береді. «Ол Ибрахимге Илу аталып келген Эль-Шаддай, «Көк Құдайы» атымен белгілі. Басқа жерлерде Оны «Эль-Элион» (Ұлы Құдай) немесе Вефильдік Эль деп атаған.

К. Армстронг пікірінше «бұл Құдай кезінде Ибрахимнің үйінде, дастарқанынан достық рәуіште тамағын бөліскен Құдайға еш ұқсамайды. Керісінше бұл Құдай қорқыныш туғызады. Мұсамен арасында статус бар. Мұса одан атын айтуды, яғни өзін таныстыруды сұрағанда, Яхве оған сырлы сөздермен жауап береді. Бұл жұмбақ сөздердің мағыналары төңірегінде теологтар әлі күнге ғасырлар бойы бас қатырып келеді. Атын атай салудың орнына Ол: «Эхие ашер эхие» («Мен – болмыспын») дейді. Сонда бұл нені білдіреді? Кейінгі философтар пайымдағандай, Құдай өзінің Өзіндік Болмыс екендігін ойға алмағандығы айқын. Ол кездері еврейлердің өздері екі мың жылдан кейін бойлай бастаған метафизикалық терең ойларға әлі бармағаны анық. Бұл сөздердің әлдеқайда қарапайым мағыналары болуы қажет.

Мұсаның Құдайы. Мұса өз Құдайымен қалай кездесті? Библияға негізделсе, зерттеуші оны былай сипаттайды: «Мұсаның күндердің күнінде қайын атасының қойын бағып жүргенде оған таңғаларлық көрініс елестейді: бұта оттай лаулап тұрады, бірақ жанып кетпейді. Бұған таңғалған Мұсаны Яхве атын атап шақырады, ал Мұса болса «Міне, бұл – Менмін!» (Хинени!) деп дауыстайды; кейінен израилдық пайғамбарлар Құдай олардан шексіз бойсұнуды, сенуді талап еткенде дәл осылай жауап беретін. Содан: «Мен – сенің әкеңнің Құдайымын, Ибрахимның Құдайымын, Исхақтың Құдайымын және Йақұбтың Құдайымын». Мұса қолымен бетін басты, өйткені Құдайды көруге жүрексінді».

К. Армстронг: «Ибрахим, Исхақ пен Йақұбтың өз Құдайларымен жақын жерден, тез арада сөйлескендерін көрді. Шейх немесе қауым ақсақалы секілді, Эль достық рәуіштегі кеңестер берген, кезбелерге жол көрсеткен, қалыңдыққа (күйеуге) кімді таңдау керектігін айтқан және түстеріне кірген». Бес кітап авторларының кейбіреулері бұл оқиғаларды ойдан шығарылған деп есептейді. Алайда Ибрахимнің Құдайы қатал болғандығы да ықтимал.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Бес кітап бойынша дүниені жаратудың екі нұсқасын салыстырыңыздар.
2. Бескітаптың негізгі кейіпкерлерінің тізімін жасап, олардың Исламдағы аттарындағы нұсқасын келтіріңіз, сонымен қатар, қазақтарда бұл мұсылмандық есімдердің қалай айтылатынын айтыңыз.
3. Иисус және Мұхаммед пайғамбардың Авраамнан басталатын шежіресіне назар аударыңыз.



Бақылау сұрақтары

1. Б.д.д. 2–1 мың жылдықта және қазір еврей, иудей, израилдық терминдері нені бейнелейді?
2. Библия деген не? Оған қандай кітаптар кіреді?
3. Бес кітап қай кезде жазылды? Оның авторы кім? Бес кітап не туралы баяндайды?
4. Еврей патриархы Авраам, Иаков, Моисейдің көшу жолдары қандай?
5. Авраам сыйынған Құдай Библияда қалай аталады? Моисей сыйынған Құдай ше?
6. Монотеистік Құдай мен пұттық Құдайлар немен ерекшеленеді? Бес кітап Құдайын қалай сипаттауға болады?

Қосымша ресурстар

1. Библия (кез келген басылымы).
2. Мирча Элиаде. История веры и религиозных идей. От каменного века до элевсинских мистерий. М., 2009.
3. Томас Манн. «Иосиф и его братья». Роман.